

қорғаушыны тағайындау туралы

Қ А У Л Ы

23 мамыр 2022 жыл

Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының Полиция департаментінің Тергеу басқармасының тергеушісі полиция капитаны А.О.Әділова, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне (бұдан әрі-СДТТБТ) 17.05.2022 жылы №224340031000099 қылмыстық іс материалдарын қарап шығып, төмендегіні

А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

2022 жылдың мамыр айының 17 күні сағат 18.00-дер шамасында Аширбеков Карасай зорлау, яғни жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып, еркінен тыс жыныстық қатынас жасаумен Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жайылма ауылының маңында шеңгел шөптердің арасында өзінің басқаруындағы "Opel" үлгісіндегі автокөлік ішінде Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Ч.Мадиев көшесі №11 үй тұрғыны, Шахимеденова Эльмира Рустемовнаға күш қолданып, еркінен тыс жыныстық қатынас жасаған.

17.05.2022 жылы аталған дерек Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 120-бабының 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне №224340031000099 қылмыстық іс тіркеліп, тергеп-тексеру басталған.

17.05.2022 жылы аталған қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деген негізбен Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Е.Белсенбаев көшесі №4 үй тұрғыны, 12.04.1971 жылы туылған Аширбеков Карасай Жорабековичтің жеке басы анықталып, Жаңақорған ауданы Полиция бөлімінің уақытша ұстау изоляторына оқшауландырылған.

18.05.2022 жылы күдікті К.Аширбековтің іс-әрекеті аталған баппен сараланып, Жаңақорған аудандық сотымен 2 (екі) ай мерзімге күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы санкцияланған.

19.05.2022 жылы аталған қылмыстық істің күрделілігі мен ауқымдылығына байланысты Қызылорда облысы Полиция департаментінің Тергеу басқармасына реттілігі бойынша жолданып, осы күні өндіріске қабылданған.

18.05.2022 жылы азаматша Ш.Дайрабаева Жаңақорған ауданылық Полиция бөліміне арызданып, онда қылмыстық іс бойынша күдікті қатарында танылған зайыбы – К.Аширбековтың қорғаушысы ретінде тағайындауын сұраған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 68-бабының 8-бөлігінде, адвокат қорғаушы ретінде адвокат куәлігін және өзінің нақты адамды қорғауға өкілеттігін куәландыратын ордерді көрсеткен кезде іске кіріседі. Басқа адам осы Кодекстің 66-бабы екінші бөлігінің ережелеріне сәйкес өзінің қорғаушы ретінде қылмыстық процеске қатысу құқығын растайтын құжаттарды (неке туралы куәлікті, күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен, сотталған адаммен, ақталған адаммен туыстық қатынастарын растайтын құжатты, қорғаншылық және



қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың шешімдерін) ұсынады, - делінген.

Осыған байланысты, күдікті К.Аширбековтың жұбайы Дайрабаева Шынаркул Турсынбаевнаны қорғаушы ретінде тағайындау қажет.

Жоғарыдағылардың негізінде, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 60, 68 және 198-баптарын басшылыққа алып,


Қ А У Л Ы Е Т Т І М :

1. №224340031000099 қылмыстық іс бойынша күдікті К.Аширбековтың қорғаушысы ретінде жұбайы Дайрабаева Шынаркул Турсынбаевнаны тағайындауға.

2. Қаулының көшірмесін қадағалаушы прокурорына жолдауға.

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі жақтарға хабарлауға.

Қызылорда ОПД
Тергеу басқармасының тергеушісі
полиция капитаны



А.О.Әділова